

10 дәріс. Қадырғали Жалайыр және Қазақ тарихы

Дәрістің мақсаты: XVI-XVII ғасырларда өмір сүрген тарихшы Қадырғали Жалайыр дүниетанымы және «Жамиғат-ат Тауарих» еңбегінің мазмұны туралы мағлұмат беру. Студенттерге қазақ тарихына қатысты жазылған еңбекпен таныстыру.

XVI ғасырдың соңы мен XVII ғасырда өмір сүрген тарихшы, жалайыр тайпасынан шыққан Қадырғали Қосымұлы (Қасым, Хосым, Қосын деп кейде жазылады) Жалайыр және оның «Жамиғат-ат тауарих» («Шежірелер жинағы») – атты еңбегін жақсы білеміз. Шамамен 1530 жылы дүниеге келіп, 1605 жылы Қасым қаласында (Ресейдің Ока өзенінің бойындағы қала) дүние салған. Ата-бабасы Қарахан әулетінің билеушілері болғандықтан, Қадырғали де хан сарайына жақын жүріп, өз ақыл, кеңесін айтып отырған.

1602 жылы жазылған бұл шығарманың көшірмесін XIX ғасырда өмір сүрген татар ғалымы Ибрагим Халфин 1819 жылы Қазан университетінің кітапханасына сыйға береді.

«Шежірелер жинағы» үш бөлімнен тұрады: Бірінші бөлімі, тарихшылардың айтуынша, сол замандағы орыс патшасы Борис Годуновқа арналған деген деректер де бар. Екінші бөлім – Мұхаммед Дулатидың «Тарих-и Рашиди» еңбегіне сүйеніп жазылған деректермен қоса иран, түркі тілдеріндегі дерек көздеріне сілтеме жасап, түркі халықтарының тарихы мен қазақ хандығының XVI ғасырға дейінгі шежіресі жазылған. Үшінші бөлім – Шыңғысхан әулетіне арналған оқиғалар мен шежірелерге толы.

Бұл еңбектің мазмұны, көбінесе автордың замандасы, шәкірті Ораз Мұхаммедтің Қасым патшалығына хан етіп сайлануы, оның өмір жолы мен оған қатысты тарихын қамтиды.

Халқымыздың ғұлама ғалымдары, ойшыл даналары көп, олардың өз ел-жұрты үшін істеген ғажап еңбектері мол. Осылардың ішіндегі Қадырғали Қосымұлы Жалайридың қызметі айырықша. Ол көп ізденіп, шығыстың әдебиетін, мәдениетін, ғылымын жан-жақты зерттеп, араб, парсы тілдерін жетік меңгеріп, сол кездегі Орталық Азияның атақты оқымыстыларымен үзеңгілес қатар тұрған ерекше тұлға. «Мен дүние жүзіндегі неше түрлі мемлекеттерді аралаған, әділ үкім, нақыл сөзге қанық көптеген кітаптар оқыған адаммын» – деп «Жылнамалар жинағында» жазады. XIX ғасырда өмір сүрген татар

ғалымы Ибрагим Халфин осы еңбектің бір көшірмесін 1819 жылы Қазан университетінің кітапханасына өткізген. Осы еңбектің ғылыми айналымға түсуіне көп күш салған шығыстанушы ғалым И. Н. Березин болатын.

Шоқан Уәлиханов та Қадырғалидің құнды еңбегіне тамсана отырып, «Қазақ тарихына қатысты деректердің молдығы жағынан «Жылнамалар жинағына» иық тіресер ештеңенің жоқтығы күмәнсіз» деген баға берді. Одан кейінгі уақытта Мұхтар Мағауин де «Аласапыран» еңбегінде жазып кетеді.

Ғалымның еңбегінен ортағасырдағы ата-бабамыздың іс-әрекетімен қоса, тұрмыс-тіршілігінен де хабардар етуі бүгінгі күні таптырмайтын қазына дер едік.

Қадырғали Жалайридің еңбегі 1854 жылы жарық көргеннен кейін жан-жақты зерттеле қоймаған секілді. Тіпті, ғалымның атақты еңбегінің аты да әлі күнге дейін табылмай жатыр.

Қазіргі біз білетін «Жылнамалар жинағы» – Рашид-ад-Диннің әйгілі кітабының атауы екен. Жалайридің еңбегін алғаш жарыққа шығарған И.Н.Березин: «Қолжазбаның алғашқы беті жоқтықтан біз автордың қандай ат бергенін білмейміз, бірақ кітап аудармадан тұрғандықтан, біз оның атын да қолжазбамызға бере алмаймыз» – депті.

Ал осы туындыны жан-жақты зерттеген, аудармасын жасап, мол еңбек сіңірген Рабиға Сыздықова мен Мәмбет Қойгелдиев: «Өкінішке орай, қолжазбаның кейінірек табылған екінші көшірмесінде де еңбектің автор берген аты жоқ болып шықты да, ол сол «Джами-ат-тауарих», «Жылнамалар жинағы» атанған күйінде қала берді».

Жылнамалар жинағындағы «Жалайыр – Ұлы жүздің құрамына енетін негізгі және ежелгі тайпалардың бірі. Қазақ генеологиялық аңыздары бойынша, жалайырлар – үйсін тайпасының негізгі бұтағы. Тарихи генеологияға сәйкес, жалайырлардың негізгі саласын шуманақтар (шу тайпалары) құрайды, кейбір ғалымдардың пікірінше, олар көне шумғун және сырманақ (сырдариялық тайпалар немесе оғыздар) тайпаларынан шыққан. Өзге жалайыр руларынан қырғыз, оғыз, ақ марқа, қара марқа (ежелгі оғыздарда ақ қойлы және қара қойлы), елтезерді атауға болады. Жалайырлардың құрамында аталған тайпалардың болуы олардың түркі тайпасы екенін дәлелдейді.

Ерте ортағасырда жалайырлар ірі тайпа ретінде Орта Азияның тарихында белсенді рөл атқарған, Иранда, Орта Азияда әулеттің

қалыптасуына атсалысқан. Моңғол шапқыншылығынан кейін жалайырлардың бір бөлігі Зеравшан алқабына көшіп, өзбектерге сіңіп кетеді. Жалайыр тайпасының қазақтары негізінен Жетісу, Қаратаал алқабын мекендеп, Балқаш өзенінің оңтүстігінен Жоңғар Алатауына дейінгі аймақты алып жатқан (Н.Аристов. *Опыт выяснения этнического состава киргиз казахов Большой Орды и кара киргизов*. ЖС, 1894, III-IV, СС. 407-408; С. Аманжолов. *Вопросы диалектологии и истории казахского языка*. Алматы, 1959, СС. 43-46) (<https://abai.kz/post/5506>).

Қадырғали Жалайридің негізгі айтайын деген идеясы Ораз-Мұхаммедтің жан сыры, шыққан асыл тегі төрткүл әлемді дүр сілкіндірген қолбасшы, Шыңғыс ханнан бастап, одан Сұлтанұлына дейінгі хандар тарихы болатын. Шыңғыс ханнан тараған Жошы, Еңсегей бойлы ер Есім, Тәуекел хан сияқты жолбарыстың кейбір қанды жорықтары сипатталады. Дегенмен де Рабиға Сыздықова мен Мәмбет Қойгелдиев бұл еңбекке қатысты былай дейді: «Қадырғали бидің өз еңбегін жазудағы негізгі мақсаты өзінің әміршісі Ораз-Мұхаммедтің Кенесары Қасымов тағын иемденуге толық лайық екендігін Борис Годунов пен Қасымов ақсүйектері алдында дәлелдеу еді» – деген.

«Қадырғали би еңбегінің құндылығы – қазақ халқы өз өкілінің қаламынан туған жазба тарих болуында. Бұл шығармада қазақ тарихына қатысты деректер аса көп емес, дегенмен сол азын-аулақ мәліметтің өзі ғылыми маңызы зор, оны басқа сол тұстағы ескерткіштерден кездестіре алмаймыз. Өйткені, Қадырғали мәліметтері қазақ қоғамына тән процестерді сырт көз арқылы емес, іштен қарауға көмектеседі. Ортағасырлардағы түркі жазба ескерткіштерінің барлығында да, оның ішінде Қадырғали шежіресінде де өзге тілдік қабатты араб пен парсы сөздері құрайды. Сонымен қатар, мұнда моңғол сөздері және некен-саяқ қытай тілінің элементтері кездеседі.

Шығармада қолданылған араб сөздерінің дені – дерексіз (абстракт) ұғым атаулары. Олардың да басым көпшілігі түркі тілдеріне еніп, күні бүгінге дейін қолданылып келе жатқан дәулет, асыл, илтифат, ихлас, ишарат, файда, рәсім, адат тәрізді сөздер (https://massaget.kz/okushyilarga/uy_tapsyirmasyi/34714/).

«Қазақ халқының тарихын жалықпай зерттеп, том-том бағалы кітаптар шығарып, қазақ өркениетінің өсуіне жойқын ықпал еткен шамшырақтарымыздың бірі және бірегейі – академик Әлкей Марғұлан. Әлекең халқымыздың өркениеттік қалыптасуы мен жетілуін

зерттеуде ортағасырлық тарихшылар Мұхаммед Хайдар Дулати мен Қадырғали би Қосымұлының еңбектеріне иек артқан. Әсіресе Әлкей Хақанұлының қазақ тарихына қатысты зор көңіл аударған еңбектерінің бірі – Жалаиридін «Тарих-и Оразмұхаммед» атты еңбегі. Бұл еңбектің дерек көзі ретінде Қазақстанда арнайы талданылуы Әлкей Марғұлан есімімен байланысты. «Күміс сандық құпиясы» атты мақаласында («Қазақ тарихы» журналы, 1994, № 4) Әлкей Марғұлан Ресей кітап қорларына түскен Оразмұхаммед сұлтанның кітапханасы жөнінде жазып, жалпы қолжазба мәдениетінің ортағасырлық қазақ қоғамына да тән болғандығына тоқталады: «Оразмәмбеттің (Оразмұхаммедтің) кітапханасында сақталған кітаптардың ең бағалысының бірі өзіне дос болған серігі, әрі атақты биі, көркем тілде қазақша жазатын жазушы Қадырғали Жалаиридін шығармасы. Оның кітабы 1598 жылы жазылып біткен, әуелдегі аты қандай екені белгісіз. Жазудың бас-аяғы жоғалып кеткен... Кітапта ол Ресей патшасы Борис Федоровичке зор алғыс айтады... Шоқан оған зор ғылыми мән беріп, бұл қазақ тілінің жақсы бір мұрасы деп білген (Каренов Р.С. Қадырғали Жалаири – орта ғасырдағы қазақтың ғұлама тарихшысы, белгілі биі және мемлекет қайраткері. ҚарМУ Хабаршысы «Тарих. Философия» Сериясы. № 3(75)/2014).

«Тарихшы Қадырғали Жалаири шежірені ауызша айту дәстүрінен өтіп, жазба тарих дәстүріне жол, негіз салғаны баса айтылғаны орынды сияқты. Біз Қадырғали бекті міне, осы тыңнан жол салып, өркениетті халық деңгейінен ұлтымызды тағы бір саты көтергені үшін ұлттың ұлы, тұңғыш тарихшысы деп айта аламыз» деп баға беріп, Қадырғалидың Жалайырдың ата тарихымызға қосқан үлесі қандай деген сұраққа былай ой қорытады:

1. Дау жоқ, Қадырғали бек Қосымұлы Рашид ад-диннің жазған шежіресімен тек таныс қана емес, ол ұлы тарихшыға ұқсап бақты. Алайда, ол оның көлеңкесінде қалмады. Оның шежіресін жүйеледі, кеткен қателіктерін түзетті, шығыс терминологиясын туған елдің топырағына сәйкестендірді, географиялық атаулар мен есімдерде кеткен дәлсіздіктерді орынды жеріне қойды.
2. «Шежірелер жинағы» – қазақ халқының тарихы туралы ең бай, ең негізгі дерек көзі. Шоқан қазақ тарихына деректердің молдығы жағынан «Жылнамалар жинағына» иықтасар ештеңенің жоқтығы күмәнсіз» деп әділ түйіндейді;

3. «Жинақта» түрік тарихы, алты алаштың тарихы, ұлттың – алаш мыңының XVI ғасырдың аяғына дейінгі тарихы қат-қабат берілген. Сондықтан автордың Қазахия шеңберінде қарауға болмайтынын жадымызға ұстаған абзал.
4. Қадырғали Жалайырдың шежіресінде Алты Алаштың құрамына енген тайпалардың тарихы берілген. Олар: жалайыр, татар, меркіт, күрлеуіт, тамғалық, тарғұт, ойрат, барғұт, құры, тұлас, тума, бұлғашын, кермучин, орасут, телеңут, кестеми, құрқан, керейт, найман, таңғұт, онгут, қырғыз т.б. Қадырғали жазып кеткендей, хан тағының оң жағында Жалайыр биі, сол жағында арғын биі отыруы Ұлы жүз бен Орта жүздің ішіндегі аға тайпалардың алар орнын меңзесе керек;
5. Шежіреші ұлтымыздың мекендеген этнотерриториясын тайпалардың ата қонысы мен көшкен өрісімен шеңберлеген, оның ғасырлар бойы қалыптасу динамикасын ашып берген. Қазақ сахарасының жерлері, сулары, таулары – ата мекеннің тарихы көз алдыңнан өтіп жатады (*Қозыбаев М. Тұлғалар тұғыры. Алматы: ҚазАқпарат, 2009. – 540/63 бет*).

Қорыта айтқанда, тарихшы, ойшыл Қадырғали Жалайырдың «Жамиғат-ат тауарих» еңбегі XVI ғасырдың соңындағы қазақтың тарихи-шежіре жанрында жазылған құнды туындысы.

Қазақ халқының тарихында артына өшпес рухани мұра қалдырып, еліне, жұртына қалтқысыз еңбек еткен әйгілі тұлғаларға бай елміз. Халықтың іргесін бекітіп, мерейін өсірген, жоғын түгендеп, барын базарлаған екі әйгілі тарихшының есімін ұмытпай, осы бағытта әлі де зерттеулер жүргізуіміз керек.